

Көріп отырғандай, эстетикалық тәрбиенің оқу процесіндегі мүмкіншіклетір ұшан-теңіз. Оларды тек пайдалана білу керек. Дегенмен де өнермен тікелей байланысты шешуші роль оқу сабақтарына байланысты.

Өнер адам сезіміне көркем образ арқылы әсер етеді, оның жарқын толғанысын оятады, әр түрлі сезімдерді қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Сондықтан оқушылармен жұмыс жүргізген кезде, балаларға әсемдігін ашып, олардың рухани бейнелерін байыту үшін, қоғамдық қызметке деген белсенділігін оятып, адамның өмірдегі жақсы мұраттарын бекітуге бөгет болатындармен күрес жүргізу үшін, өнермен шұғылдану жолында әрбір мүмкіндікті пайдалану қажет.

Қоғамның экономикасын, мәдениетін, әлеуметтік, рухани өмірін дамытуда әр адамның жеке тұлғасы, азаматтық келбеті, адамгершілігі отаншылдығы, ұлтжандылығы, еңбекке деген шығармашылық қабілеті мен белсенділігі шешуші роль атқарады. Жас ұрпақты осындай тұлға етіп тәрбиелеуде шебер ұстаз - жетекшінің атқарар жүгі мол. Әрине, бұл жолда тәлім –тәрбие ісін жаңаша ұйымдастыру, жаңа тәрбие бағдарламалары да, тәрбие құралдары да, техникалық жабдықтар да қажет, әрі мәнді. Бәрінен де жас ұрпаққа рухани дүниені дұрыс танытатын, адамдықтың, әлемдік мәдениеттің шырқау шыңына бағдарлайтын музыка пәні мұғалімінің орны бөлек.

А.С.Макаренконың педагогикалық техниканы игерудің маңызын ерекше бағалаған. Өнер институтындағы сияқты педагогикалық оқу орындарында да дауысты қою, сөйлеу, қарау өнерімен таныс болу қажет деп есептеген. Дауысты мұғалімнің жұмыс құралы деп таныған. "Тәрбиенің даусын үйлестіре білуінде де, өзінің бет құбылысын басқара білуінде де педагогикалық шеберлік болады",- деген, ендеше әрбір педагог шеберлікке жетуді мұрат етуі тиіс.

Мұғалімінің күнделікті жұмысында психология мен педагогикадан терең білімді білу, тәрбиенің мақсат- міндеттерін, принциптерін, оқушы- тәсілдерін теориялық тұрғыда түсінуге мүмкіндік тудырады. Сондай -ақ оның ғылым салаларын жақсы білуі, жеке оқушыларға, оқушылар ұжымына дәл мінездеме беруге оқушылардың әрекетіне, құбылыстар мен факторларға дұрыс талдау жасап, тиімді тәрбие әдістерін белгілеуге мүмкіндік тудырады.

Қызығушылығы бар оқушыларды музыкалық – эстетикалық үйірмелерге тарту арқылы оларды зиянды әдеттерге әуестенуден сақтандырамыз.

Әрбір бала тәрбиелеуші педагог маман оқушы тәрбиесіне өз үлесін өз пәні шеңберінде ғана емес, сол шеңбер сыртындағы шығармашылық арқылы жүргізе білуі керек. Сонда ғана оқушы санасна мәдениетті, сауатты, пайдалы тәрбие сіңіре аламыз.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Бегжанова Ж.Е, Сейдина Б.З.*

*Ы.Алтынсарин ат.*

*Арқалық педагогикалық институты*

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жұмыстарының мазмұны дегеніміз-жеке тұлға қалыптастырудағы адамның шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру мен жүйелі білім алуы, іскерлік пен дағдыны игеру, ақыл-ойы мен сезімін дамыту, интеллектуалдық ой-өрісін кеңейту. Нағыз білімді адам деп өзінің ақыл-ойы жетілген, қабілетті, ізденімпаз, өз пікірін дәлелдей алатын, шығармашылықпен іс-әрекет жасайтын дербес, білімді жеке тұлғаны айтамыз.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин білім беру мазмұнының теориялық тұрғыда білім, іскерлік, дағды жүйесін түсіндіруде, шығармашылық іс-әрекет пен ерікті сезім тәжірибесін меңгеруді ұсынады[1].

Қазіргі кезде әлемдік білім деңгейіне жетуге талпыныстар, ауыл мектебінің дамуына көңіл бөлу т.б. жаңа талаптарға сай міндеттердің күрделенуіне байланысы білім мазмұны да өзгеруде. Оқушының жеке тұлғалық дамуындағы шығармашылық іс-әрекеттің мәні мен мазмұнынан көп көңіл бөлініп отыр. Қоғамның әлеуметтік тапсырысы білім мазмұнының жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруда терең білімді, саналы, кез келген іс-әрекетті шығармашылықпен шешетін азамат тәрбиелеу болып отыр.

Соңдықтанда, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мазмұны, қажеттілігі маңыздылық бағыты мен жеке тұлғаның қабілетін, ізденімпаздылығын байланысты болу керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру әдістемесі жеке тұлғаның ерікті-құндылық, интеллектуалдық жағынан жетілген азамат қалыптастыруға негізгі құрал болып табылады.

Шығармашылық ізденушілік әрекет қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде іске асады. Бұрыннан белгілі іс-әрекеттерді қалыптастырудың жаңа әдістері алған білімін-іскерлігін қазіргі жағдайда іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін өздігінен іске асыруды талап етеді[2].

Жоғары сынып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды мазмұндық жағынан қамтамасыздандыру мынандай принциптерге сүйенеді:

-шығармашылық қабілетін мазмұнының элементтері мен барлық құрастыру деңгейлерінде қазіргі ғылым, өндірістің даму дәрежесі мен гуманистік демократиялық қоғамның негізгі талаптарына сәйкес келу принципі;

-оқу материалының мазмұнын құрастыруда оқытудың мазмұндық және шығармашылық іс-әрекетін есепке алу принципі. Бұл принципті жүзеге асыру барлық іс-әрекет түрлерінің өзара байланысы оқу жоспарына енген барлық оқу пәндерінде көрініс табуын көздейді;

-білім мазмұнының, біліктерінің қалыптасу деңгейінде құрылымдық жағынан бірлігі принципі. Ол шығармашылық іс-әрекет компоненттерінің өзара қалыпты, тепе-теңдікте және үйлесімді болуын көздейді.

Бүгінгі таңда шығармашылық тұлға және жас дарын жасының ерекшеліктері мен қызығуына қарамастан өзгелерден даралығын, табандылығын, шұғыл шешімділігімен, өз күшіне деген сенімділігімен, сезім ұшқырлығымен, өз бетімен жұмыс істеуге деген құштарлығымен, асқан шабыты мол.

Ендеше, оқушы шығармашылығын дамытудың мазмұны, әдіс-тәсілі қандай?

Оқушыларға оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа шығармашылықты дамытудың жолдары ретінде төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:


- өздігіне бақылау жүргізу;
- қарапайым тәжірибелер жасау;
- эксперимент қою;
- мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу;
- модельдеу;
- жекеден жалпыны шығару;
- жалпыны жекелеу қолдану, т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке


баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің қызығына бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіндігі белгілі. Осы жұмыстарды жүргізіп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып жүрген ұстаз шығармашылық үрдістің әр кезінде бала бойындағы әр түрлі сапалық қасиеттерді қалыптастыра алады[3].

Шығармашылықты оятудың кезеңдеріне тоқталатын болсақ:



Әр жағдайда мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаты-баланың білім игеруі кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін дамыту. Бұл оқушының өзіндік әрекеттерін, дербес жұмыс жасау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын айқындайды. Сондай-ақ, шығармашылық тұлға-бұл шығармашылыққа деген тұрақты да жоғары қабілетін білдіретін, шығармашылық қабілетті қалыптастырудың органикалық бірлігінде көрінетін, оған бір немесе бірнеше әрекет түрлеріне прогресивті, жеке мәнді шығармашылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мотивациялық-шығармашылық белсенділік тән-тұлға. Бұнда жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыруда шығармашылық сабақтардың мәні үлкен. Дәстүрлі сабақ пен біз ұстанып отырған шығармашылық сабақ әдістемесінің маңызы зор. Оны салыстырмалы түрде талдап, ерекшеліктері мен артықшылықтарын мына кестеден көруге болады.





Қорытындылай отырып шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді, ақыл-ой және адамгершілік қуаты оның ерік-жігерін, ойлау, елестету қабілетін, эмоциясын белсендіретін қызықты интеллектуалды іс-әрекетінде көрініс табады. Ол жеке тұлғаның қоғамда беделін көтеруде және оның өз-өзіне баға бере білуіне ықпал етеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Атманова Б. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары мен іс-әрекет бағыттары // Бастауыш мектеп №5,6 / 2007.
2. Рүстемова Ж. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту // Қазақстан мектебі №3/2005.
3. Күнпейіс Ж. Оқушыларды шығармашылыққа қалыптастыру // Бастауыш мектеп №2/2006.

### ОҚУ ҮРДСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Дәулетхан Б.Д.  
ҚМПИ, Филология факультеті,  
«Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 2 курс студенті  
Әбдіркенова А.Қ-аға оқытушы*

Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмайтындығымыз жайлы еліміздің президенті Н. Ә. Назарбаевтың үстіміздегі жылғы Қазақстан халықтарына арнаған «Бәсекеге